

1. Dimension сөзінің мағынасы?

- A) Мөлшер мен өлшеу
- B) Графика
- C) Модельдеу

2. ----- кино, мультипликация, жарнамалық роликтер дайындау, ойын және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерлік салаларда қолданылады.

- A) программалау
- B) 3D модельдеу
- C) сәулет өнері

3. Монитор экранындағы кескінді құрайтын пиксельдердің жалпы саны ----- деп аталады.

- A) монитордың айыру қабілеті
- B) монитор экранындағы жеке нүктелер
- C) декарттық координата жүйесі

4. 3D – модельдеудің ең алғашқы кезеңі және ең негізгісі, бұл:

- A) модельдеу
- B) барлық фигураларды нақтылау (детализация)
- C) мөлшер мен өлшеу

5. SketchUp программасын америкалық @Last Software фирмасы қай жылы жасап шығарды?


- A) 1998 жыл
- B) 1999 жыл
- C) 2006 жыл

6. SketchUp сөзінің мағынасы:

- A) эскиз, жоғары
- B) модель, жоғары
- C) өлшеу, жоғары

7. Програмадағы шаблондар саны.

- A) 5
- B) 6
- C) 7

	Выбор (Таңдау) қызметі арқылы керекті құралды немесе объектіні таңдайды. Бірнеше объектіні бірден таңдау үшін Shift пернесін басамыз.
	Компонент – таңдалған объектіге компоненттер таңдайды.
	Палитра – құрастырылған объектіні бояйды.
	Ластик (Өшіргіш) – құрастырылған объектінің қажетсіз сызықтарын өшіреді.
	Прямоугольник (Тіктөртбұрыш) – тіктөртбұрыш сызады.
	Линия (Сызық) – объектілердің бастапқы схемасын сызуға пайдаланылатын құрал.
	Окружность (Шеңбер) – шеңбер сызуға арналған құрал.
	Дуга (Доға) – объектіні құрастыру кезінде доғаларды салуға қолданылады.
	Многоугольник (Көпбұрыш) – объектіге көпбұрыштар кірістіруге арналған құрал.
	Қолмен сызу – объектіні қаламның көмегімен сызуға мүмкіндік береді.
	Перемещение (Жылжыту) – кез келген объектінің орнын ауыстыруға пайдаланылады. Егер Ctrl пернесін басып тұрып жылжытсақ, онда объектінің өзі орнында қалып, көшірмесін жылжытады.
	«Тяни/Толкай» (Тарту/Итеру) – объектілерге үшөлшем беретін құрал. Таңдаған екіөлшемді фигураны тартқанда, созылып биіктікте пайда болады.
	Вращение (Айналдыру) – объектіні толықтай немесе оның белгілі бір бөлігін айналдырады.
	Следуй за мной (Соңымнан ер) – «Тяни/Толкай» сайманының жетілген түрі десек те болады. Объектіні белгілі бір бағыттарға бұрады.
	Масштабирование (Масштабтау) – объектінің өлшемдерін немесе пропорцияларын өзгертуге арналған.
	Контур (Контур) – үшөлшемді объектілерге бастапқы контурларды сала отырып, белгіленген аймақты не ішке, не сыртқа тартады.